

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
ШЕТ ТІЛДЕР ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК КАРЬЕРА УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН  
УНИВЕРСИТЕТ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ И ДЕЛОВОЙ КАРЬЕРЫ

KAZAKİSTAN CUMHURİYETİ BİLİM VE İLİM BAKANLIĞI  
YABANCI DİLLER VE MESLEKİ KARİYER ÜNİVERSİTESİ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
THE UNIVERSITY OF FOREIGN LANGUAGES & PROFESSIONAL CAREER



THE UNIVERSITY OF FOREIGN  
LANGUAGES & PROFESSIONAL CAREER

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

İLMİ-PEDAGOJİK DERGİ

SCIENTIFIC-PEDAGOGICAL JOURNAL

№2 (28)

Алматы, 2018

<b>Керімбек Ж.</b> Ұлттық мерекелердің жастар тәрбиесіндегі рөлі .....	195
<b>Кирбетова Ж.С.</b> Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жастар кәсіпкерлігінің рөлі.....	197
<b>Кудьярова Ш.</b> Елбасы Жолдауы - қазақ халқының болашағы .....	202
<b>Қадырқұлова А.</b> Әдебиет сабағында қосымша материалдарды пайдаланудың тиімділігі .....	207
<b>Малаева Р.</b> Арт-менеджмент - бизнес және өнерді байланыстырушы орта ретінде .....	210
<b>Мамоев Б.Ш.</b> Экологический туризм как фактор сохранения природных ландшафтов Казахстана .....	213
<b>Мурзабекова Б.М.</b> Кәсіпкерліктің дамуының экономикалық негізі.....	219
<b>Муханова А.</b> Problem of Translation of Reduced Lexis .....	222
<b>Мұстафаева К.</b> Ұлы даланың асыл қасиеттері .....	227
<b>Музыкина Е.В.</b> Этика независимости и независимый Казахстан .....	230
<b>Нурпеисова А.</b> Кәсіпорынды дағдарысқа қарсы басқарудың теориялық негіздері .....	233
<b>Таженова Г.</b> Тұлғаның медиақұзыреттілігін ұлттық құндылықтарымыз арқылы қалыптастыру мәселелері .....	238
<b>Сайлаубекқызы М.</b> Шәкәрім Құдайбердіұлының философиясындағы адам мәселесі және Тәуелсіздік .....	242
<b>Сайлаубекова А.</b> Көптілділік- заман талабы .....	251
<b>Сапарғалиев С.К.</b> Субэтническая культура как фактор развития этнотуризма в Казахстане.....	257
<b>Серикбаева Г.</b> Елбасы Жолдауы жастардың жана мүмкіндіктер бастамасы .....	264
<b>Тасыбекова А.</b> Ұлттық күндеріміз - ұлттық құндылықтарымыз .....	269
<b>Тасыбекова М.</b> Ата- бала жолымен құрылған ұлттық мемлекет .....	273
<b>Тлеубекова А.Д.</b> Методы и способы достижения конкурентоспособности предприятия .....	277
<b>Токтарбек С.</b> Қытай тіліндегі нәтиже толықтырғыш мүшенің аспектісі.....	281
<b>Төлеубаева А.</b> Тәуелсіздік – ең басты байлығымыз .....	290
<b>Тусаева А.К., Лухманова Г.К.</b> Инвестициялық портфельді қалыптастыру негіздері .....	292
<b>Түкібаева М.</b> Азаттықтың әр сәті - аманат .....	299
<b>Түрлебекова Т.А.</b> Басқару психологиясының ерекшеліктері .....	302
<b>Узыханова М.</b> Тәуелсіз елім – тірегім! .....	305
<b>Шиганбаева Н.Б.</b> Новая модель формирования инновационной инфраструктуры региона .....	309
<b>Шорманова А.</b> Қазақстандағы цифрландырудың даму тенденциялары.....	314

## ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ - ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Кудьярова Шолпан  
ШТКУ, Қазақ тілі мен әдебиеті  
және журналистика  
кафедрасының оқытушысы, ф.ғ.к

Біз тәуелсіздікті ақылмен, ата-баба жолымен алдық деп ойлаймын.

Н.Ә.Назарбаев

### Аннотация

Қазақстан елінің тәуелсіздікке жету жолдары, Елбасы жолдауының маңыздылығы мен болашағымыз жастар жайлы сөз етілді.

Были обсуждены пути достижения независимости Казахстана, важность Послания Президента и будущее молодежи.

### Summary

Ways of achieving independence of Kazakhstan, the importance of the President's Address and the future of youth were discussed.

1991 жыл - еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне 27 жыл да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы - қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар.

Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Егемен Қазақстанды бүгінде барша әлем танып отыр. 27 жылда жеткен еліміздің жетістігі өте көп. Дегенмен, бұл жетістіктерге жетуде еліміз көп қиыншылықты бастан кешірген.

Халқымыз қазақ болып, ұлт болып қалыптасуы жолында, одан кейінгі кезеңдерде де талай қиямет-қайым күндерді, кескілескен шапқыншылықтарды бастан өткерді. Білектің күшімен, найзаның ұшымен, соңғы демі қалғанша туған өлкемізді қорғап, бізге аманат етіп қалдырған ұлы даланың ұлы кемеңгерлерінің ерен еңбегінің арқасында бақытты өмір кешудеміз.

Халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға хан-сұлтандар, батырлар, қарапайым халықтың өзі де жандарын пиддеткен. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде Желтоқсан оқиғасындағы

студент жастардың көшеге шығып үндеуі және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі барша халыққа сенім мен жігер берген болатын.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі.

Қазақстан - қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс.

**Елбасымыздың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі; табыс пен тұрмыс сапасын арттыру»** жолдауында атап көрсетілген мәселелер болашақ үшін жасалып жатқан игі істердің легі. Болашақ деген ұғым адамзаттың кешегісі, бүгіні және ертеңі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы – мемлекетіміздің тұтас рухы мен дәстүріне айналды. Әрбір Жолдау Қазақстанның кемелділігі мен азаматтарының игілігі үшін қызмет етуде.

– Қазақстан Президентінің Жолдауы Н.Назарбаевтың стратегиялық көрегендігін тағы да дәлелдеді. Осыдан алдыңғы жылдары басталған экономикалық және саяси жаңғыру процестерінің соңынан қазақстандықтардың әл-ауқатын көтеру бастамалары жарияланды. Осылай Қазақстан мемлекеттік саясаттың басына негізгі капитал есебінде адамды белгілеп, көрегендік танытты. Жолдауда көрсетілген, адам капиталына салынатын инвестициялардың қатарында білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін жақсарту, жалақыны көтеру, халықтың табысын арттыру, сапалы мемлекеттік қызметпен қамтамасыз ету бар. Бұл кешенді шаралар Қазақстан халқының өмір сапасын жоғарылатуға бағытталған.

Жаңа Жолдау нақты проблемаларды атап және олардың шешу жолдарын ұсынуымен де ерекшеленеді. Ондағы мәселелердің шешімін табуға бәріміз де атсалысуымыз керек. Президент өз бастамасы арқылы отандастарымыздың әлеуметтік жағдайының түзелуін, табыстың артуын мақсат етіп отыр. Жолдаудың мәтінінен халықтың әл-ауқатын көтеруге деген ықылас айқын сезіліп тұр. Сонымен қатар Президент ел азаматтарының жағдайының жақсаруы арқылы шенеуніктердің де жұмыстарының қаншалықты нәтижелі болғанын бағалайтынын қадап айтты.

Президенттің «Қарқынды дамушы экономикасы бар мемлекет құрып, азаматтарға қолдау мен даму мүмкіндіктерін ұсыну арқылы Қазақстан қоғамдық келісім мен татулыққа қол жеткізді» деген пікірі өте орынды.

Жолдауда елдің әл-ауқатын өсірудің бірнеше бағыттарын көрсеткен. Бағыттардың барлығы қазақ елін әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосылуға бастайды. Ойлаған мақсатқа жету үшін, ой - санамыз әр ісімізден озып, Қазақстандықтардың әл-ауқаты, ең алдымен, табыстарының тұрақты өсімімен, тұрмыс сапасына көңіл бөлгені, халықтың жағдайын ойлағандығынан туындап

отыр десек те болады. Елдің тыныс-тіршілігіне қатысты бірде-бір мәселе назардан тыс қалған жоқ. Атап айтар болсақ, әлеуметтік ахуал, халықтың тұрмысы, зейнетақысы, еңбекақысы, жалпы күн көрісі, қауіпсіздігі, оған қоса инфрақұрылымды дамыту сынды маңызды дүниелердің барлығы сөз болды.

Елбасымыз 2018 жылдағы Жолдауында елімізде білім беру саласын дамытудың жаңа міндеттерін нақты белгілеп берді. Осы міндетті іске асыру білім беру саласы қызметкерлері мен ұстаздарға, білім алып жүрген жастарға да үлкен жауапкершілік жүктейді.

Балабақша мен мектептердегі балалардың тәрбиесіне, қауіпсіздігіне жүйелі түрде көңіл бөлу қарастырылған. Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсартуға көңіл бөлуі Елбасымыздың болашақ ұрпаққа, оның дамуына көңіл бөлгендігі десе де болады.

Елбасымыз балалар қауіпсіздігінің маңыздылығын ескеріп, бүкіл мектептер мен балабақшаларды бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етуді, мектеп психологтарының жұмыстарын күшейтуді және басқа да дәйекті шараларды жүзеге асыруды тапсыруы заман талабы болса керек.

Орта білім беру жүйесіне баса назар аударуды, Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуға тиістігін айтты. Білім сапасын бағалау жүйесі халықаралық стандарттарға негізделуге тиіс. Орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізу маңыздылығын ескертті.

Сонымен бірге Білім және ғылым министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, “Жол картасын” әзірлеуі қажеттігін алға тартты. Ұстаздар күні қарсаңында жасалған Жолдауында Елбасының ұстаз беделін арттыруға ықпал ететін “Педагог мәртебесі туралы” заңды әзірлеуді ұсынғандығының өзі ұстаздар үшін үлкен қуаныш болды.

Бұл құжат ұстаздар мен тәрбиешілерді артық жүктемеден арылтуға септігін тигізеді. Сонымен бірге мұғалімдерді жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан Елбасымыздың өзі арашалап отыр.

Білім алудың қолжетімділігін арттыру мақсатымен мектептердің үш ауысымда оқыту және апатты жағдайында болу проблемаларына да ерекше көңіл бөліп, Үкіметке 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттен қосымша 50 миллиард теңге қарастыруды тапсырды.

Тұрғын үй ипотекасының қолжетімділігін арттыратын жаңа ауқымдағы «7-20-25» бағдарламасы қолға алынды. Мұндай тұрғын үй сертификаттарын беру мәселесі педагогтарға да қарастырылған, бұл олардың қол жетімділігін арттырады.

Жалпы осы Жолдауда білім беру сапасы, жоғары оқу орындары түлектерінің бәсекеге қабілеттілігі, олардың қоғамда сұранысқа ие болуы туралы көп дүниелер айтылды. Қазіргі жастар үшін оқу бітіріп, диплом алып шығу аздық етеді, олардың білімі мен қарым – қабілеті елімізде және халықаралық деңгейде сұранысқа ие болуы тиіс. Бұл қазіргі заманның алға қойып отырған талабы.

Жоғары білімді, өз кәсібінің шебер мамандарын даярлау мәселесі қашанда өзекті екені белгілі. Кез келген мемлекеттің дамуында маңызды рөл атқаратын кәсіби мамандықтар орны қай уақытта да ерекше аталып келеді.

Елбасы «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан да сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр» деп мұғалім рөлін жоғары бағалаған болатын.

Бүгінгі ұстаздардың ең басты мақсаты – білімді шындау, ағылшын тілін меңгеру. Жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі. Жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы. Жоғары оқу орындарын ірілендіру саясатын жүргізу қажет. Нарықта жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететіндері ғана қалуға тиіс. Назарбаев Университетінің тәжірибесіне сүйеніп, үздік шетелдік топ-менеджерлерді жұмысқа тарту арқылы әлемнің жетекші университеттерімен әріптестік орнату маңызды. Қазіргі білім инфрақұрылымының базасында Назарбаев Университетінің үлгісімен өңірлік жаңа жоғары оқу орнын құру қажет деп санайтындығын айтты.

Сонымен қатар, қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам ғана озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, әр азамат Елбасы тапсырмаларын орындауда өзіндік үлестерін қосқаны абзал.

Биылғы Жолдауында Елбасымыз барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдетудің қажеттілігі, педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау, білім беру мекемелерінің арасындағы бәсекелестікті арттыру, жас ұрпақты ғылыми-зерттеу саласына және өндірістік-технологиялық ортаға ұтымды түрде кіріктіру, цифрлық білім беру ресурстарын дамыту мәселелеріне білім беру саласы қызметкерлерінің ерекше назарын аударып, үлкен міндеттерге жетелеп отыр.

Ұлт саулығы, мемлекеттің басты басымдығы. Осы орайда Елбасымыз жастардың салауатты өмір салты мен халық қолданатын азық – түліктің сапасының денсаулыққа және өмірге қауіп төндірмейтіндей болуы да еліміздің ертеңіне алаңдағандығынан. Үкіметке және әкімдерге кем дегенде 100 дене шынықтыру – сауықтыру кешенін салуды тапсырып отыр. Мұның өзі жастардың қолы бос кезінде келеңсіз әрекеттермен айналыспай, салауатты өмірге бағытталуына көңіл бөлгендігі.

Бүгінде халықта сапасыз әрі денсаулыққа және өмірге қауіп төндіретін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерден қорғайтын тұтас саясат құруының өзі халықтың денсаулығына және тұтынатын тауар өнімдерінің сапасына көңіл бөлгендігі. Халық үшін Елбасымыз өмір сүруге жайлы орта қалыптастырып отыр. Жайлылық дегеніміз ең алдымен, тұрғын үйдің қолжетімділігі, ауланың

әдемілігі мен қауіпсіздігі және жұмыс істеуге қолайлы елді мекеннің және сапалы инфрақұрылымның болуына аса мән беріп отыр.

Әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымыздың өркендету жолындағы маңызын жете түсінуге тиіс. Реформаларды табысты жүзеге асыру үшін қоғамымыздың ортақ мақсатқа жұмсалуды аса маңызы. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үдерістеріне зор серпін берді. Бұл бастаманы әрі қарай жалғастырып қана қоймай, оның аясын жаңа мазмұнмен және бағыттарымен толықтырып отыру қажеттігін айтты. Сонымен бірге Қазақстандық жастардың болашағы мен олардың дамуы, олардың атқаратын шараларына да көңіл бөліп отырғандығы белгілі. Оның дәлелі жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды қуат формасын қалыптастыру керектігін айтқандығы.

Президент келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауы жастарға, олардың жетілуіне көңіл бөлгендігінде болса керек деп ойлаймын. Біз бүгін тәуелсіз Қазақстанда туған жаңашыл ұрпақтың дамуы мен жарқын жетістіктеріне куә болып отырмыз. Тәуелсіздік құрдастары – 27 жаста. Бұл жаста адам физикалық тұрғыдан денсаулығы мығым, кәсіби бағытта тез өсіп-жетілетін қабілетке ие, рухани жақсы бастамалар мен жаңалықтарға бейім болады. Жастар – Қазақстанның қозғаушы күші және болашағы. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Алдымызда асу-асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқи соққан желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне төзу керек, бәріне көну керек, жас ұрпақ!», -деп жас ел ұландарының, тәуелсіздігіміз баянды болуы үшін жауапты екенін көрсеткен. Бізді мұғалімдер еңбегін бағалауы мен жастардың болашағына көңіл бөлгендігі қуантты. Жолдауда алға қойған мақсаттарды орындауда ұстаздар мене бірге жастардың алдында үлкен жауапкершілік тұр.

Елбасының «XXI ғасыр бақталастық емес, бәсекелестік ғасыры» деген ойын басшылыққа ала отырып, бәсекеге қабілетті, жаңаша ойлайтын, өзіне де, қоғамға да шығармашылық-жасампаздық тұрғыдан талап қоя білетін білікті маман болу әрбір жастың міндеті және сол жастарды оқу, өнер-ғылым мен сусындататын әрбір педагогтың мақсаты болуы тиіс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.А. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан. № 33(25278). — 2007. — 1 марта
2. Әбдуәли Т. Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31. 2008